

№41 « Назерке » бөбекжай – балабақшасы

3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ

Ата – аналармен жүргізілген жұмыс

*Тәрбиеші: Умарова Г.Қ
Ниембаева Г.Ж*

Оқу жылы 2023-2024

Ата-аналармен жұмыс
 №3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ
 2023-24 оқу жылы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізу әдісі	Мерзімі	Жауаптылар
1.	1)Ата-аналар жиналысының ашылуы. 2) Баяндама: «Балам сөйлесін десеңіз». 3)Жаңа оқу жылының сабақ кестесімен таныстыру: а)Сабақ кестесі б)Нейрожаттығулар. 4) Жанұяның әлеуметтік жағдайы. 5) Ата-аналар комитетін сайлау .	Жиналыс. Баяндама Кесте Сауалнама Пікірлесу, сайлау.	IX	Умарова Г.К. тәрбиеші Ниетбаева Г.Ж тәрбиеші Умарова Г.К. тәрбиеші Айжанова А.Қ. психолог
2.	1.«Алтын күз» тақырыбында суреттер мен қолөнер заттары ата-ана мен баланың бірлесе жасаған жұмыстары. 2.«Алтын күз!» ертеңгілік 3. «Ата – Анам және Мен»	Көрме Ертеңгілік Спорттық сайыс	X	Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері
3.	Тұмаудың алдын алу.	Кеңес, буклеттер.	XI	БурхановаЗ.Т. мед. бике
4.	1) Баяндама: «Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу». 2) «Сөйлесе білу де өнер». 3)Сіз қандай ата-анасыз? 4)Жаңа жылға дайындық	Баяндама Шолу жасау Сауалнама Пікірлесу	XII	УмароваГ.К. тәрбиеші Ниетбаева .Г Ж тәрбиеші Айжанова А.Қ. психолог

				Ата-аналар комитеті, тәрбиешілер.
5.	«Көңілді қыс» суреттер және қолөнер заттары ата-ана мен баланың бірлесе жасаған жұмыстары.	Көрме	I	Топ тәрбиешілері
6.	1)Баяндама:«Балалардың тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы». 2) Дәрумендердің бала ағзасына қажеттілігі. 3)Наурыз мерекесіне дайындық	Баяндама Кеңес Пікірлесу	II	Умарова Г.К. тәрбиеші БурхановаЗ.Т. мед. бике Топ тәрбиешілер
7.	1.«Көктемгі әсем гүлдер» суреттер және қолөнер заттары ата-ана мен баланың бірлесе жасаған жұмыстары. 2. Наурыз мерекелері қарсы аламыз.	Көрме Ертеңгілік	III	Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешіл. және музыка педагогы
8.	1.«Тазалық-Көктемнің ұраны» 2. «Кұстар-біздің досымыз» суреттер ата-ана мен баланың бірлесе салған суреттері.	Сенбілік өткізу Көрме	IV	Топ тәрбиешілер, ата-аналар. Топ тәрбиешілер
9.	1)Баланың даму деңгейі туралы есеп беру. 2)Ата-аналар комитетінің қорытынды есебі 3)Жазғы шынықтыру-сауықтыру жоспарымен таныстыру.	Жиналыс. Есеп Есеп Кеңес	V	УмароваГ.К. тәрбиеші Ата-аналар комитеті Ниетбаев .Г.Ж тәрбиеші

№	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізу әдісі	Мерзімі	Жауаптылар
1.	1)Білім айы	Экскурция балабақшамен ,топпен таныстыру .балабақша қызметкерлерімен таныстыру.	IX	Топ тәрбиешілері
2.	1.«Республика күні» 2.«Ақтөбе сары түске боялды» 3.«Шебер ана-еңбекқор бала»	Кеңейтілген іс әрекет Қабырға газеті Видео ролик дайындау	X	Умарова Г Қ топ тәрбиешілері топ тәрбиешілері
3.	1.«Алтын күз!» ертеңгілік	Ертеңгілік	XI	Топ тәрбиешілері
4.	1.«Тәуелсіз менің Қазақстаным» 2.«Көк тудың желбірегені»ата анамен баланың бірлескен жұмысы 3. «Әкем- асқар тауым»	Кеңейтілген оқу іс әрекет Сурет көрмесі Фото көрме	XII	Ниетбаева .Г Ж тәрбиеші Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері
5.	1.«Балаларға базарлық» акциясы Ата аналардың балаларға сыйы ұлттық нақыштағы заттарды жинақтау 2.«Әжемнің айтқан ертегісі»	Көрме (топта) Театр қойылым	I	топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері
6.	1«Ұлттық ойындар»	Спорттық ойындар,топтық жарыс	II	Топ тәрбиеші

	2.Акция «100 кітап аллеясы»	Көрме		Топ тәрбиешілер
7.	1.«Алғыс айту күні» Ата анамен балалармен видео 2. «Әке көрген оқ жонар,Шеше көрген тон пішер» 3. «Әз - Наурыз» 4.«Әкеммен өткізген бір күнім»	Видеорилик жасау. Ұлттық заттар және сурет байқауы Ертеңгілік Қабырға газет	Ш	Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешілер
8.	1.«Ғарышкерлер күні» 2. «Қарияға қол ұшын соз»	Сурет байқауы Улкенге көмек көрсету.	IV	Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешілері
9.	1.«1-мамыр Қазақстан Халықтарының бірлік күні» 2. «Анамның жұмыс орнында»	Кеңейтілген іс әрекет Газет шығару,видео ролик	V	Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері

Баяндама

Тақырыбы «Балам сөйлесін – десеңіз »

3 «Гүлдер»арнайы топ

Дайындаған Ниетбаева Г.Ж

Ақтөбе 2023жыл

БАЛА ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Дыбыс – баланың шыр етіп өмірге келген сәтінен бастап бойына беріліп қойған қабілет. Осы дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, танымы дами бастайды. Сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезеңде дауыс реакцияларын ғана байқаймыз. Олар айқайлау мен жылау. Оншақты күннен кейін бала сөйлеген адамның дауысына назар аудара бастайды, жылауын қойып, өзіне сөйлегенде тыңдайды. Кейін интонацияға реакция қайтара бастайды, жылы және қатты сөйлегенді сезеді. Ең бірінші пайда болатын дауысты дыбыстар: «а», «о», «у», «э». Содан кейін еріндік дыбыстар: «б», «п», «м» пайда бола бастайды. Балада 6-7 айынан аса былдыр пайда бола бастайды: «ба-ба-ба», «ма-ма-ма», «па-па-па». 8-9 айдан аса бала ересектердің сөйлеу тіліне еліктейді, заттарды, қимыл қозғалысты дыбыс тіркестерімен айтады: «ав-ав», «ням-ням», «бум-бум». Ал 1 жасқа қарай бала сөздің өзіне реакция беріп, аталған затты тани алатын болады. Бірінші жылдың аяғында балада бірінші сөздер пайда бола бастайды. Осы кезге дейін ересектің дауыс ырғағымен оның эмоцияларын (ашуланғанын, еркелеткенін) ажыратады. Баладан жауап алмаса та, онымен сөйлесе беруіміз – оны келешекте сөйлеуіне итермелейді. 1 жастан 3 жасқа дейін бала ересекке ұғынықсыз, өз тілінде сөйлей бастайды. Олар дыбысталуымен ерекшеленеді: - Ересектің сөзіне мүлде ұқсамайды: бегемот- бодбиық ...- Сөздерді өзінше әрекетке ұқсатады: су ішемін-үф-үф...- Сөздің дыбысталуының ауысып кетуі: машина – матика... Бір сөзбен бірнеше затты атауы да мүмкін. Ч.Дарвиннің бақылауынша, бір күні кішкентай ұл бала судағы үйректі көріп оны «уа» деп көрсеткен. Кейін бұл дыбысты дастарханға төгілген сүтке де, жердегі шалшыққа да, бөтелкедегі суға да, құстың суреті бар тиынға да айтқан. Яғни, бала бір атаумен тек бір затты атауы шарт емес. Оны нұсқаушы сөз ретінде де қолдана береді. байланысты. Бір бала бірнеше сөз айта алатын болса, екінші бала оншаты сөз олданады. Сөйлеу тілі шы ан кезе де бала тек қана дұрыс сөйлеу тілін естуі қажет. Бұл кезеңде дыбыстарды алмастырып, шатастырып, бұзып немесе мүлдем айтпауы мүмкін. Баланы тек ситуацияға қарай түсіне аламыз, жест пен мимиканы жиі қолданады. Мысалы: су–«фу», «шу», «у», «уф» деген «су ішемін», «мынау су», «су құй» мағыналарын білдіруі мүмкін. 2 жас шамасында көптен күткен оқиға – баланың анық дыбыстармен сөйлеуі басталады: - Күнделікті еститін қысқа, қолданысқа жеңіл сөздер: «әке, ана, бер, әкел...»- Күрделі сөздерді қысқартып айтуы: «тамақ жеймін – ням-ням»- Алғашында бала өзіне жеңіл, қолданысқа оңай сөздерді қайталайды, ал жаңа сөздерді қайталап айтпай қоюы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Баланың сөздік қорының дамуы 2-3 жастың арасында белсенді болады. 3 жаста алғашқы 1-2 сөзден құралған сөйлемдер пайда бола бастайды. Бұл сөйлемдерде кейбір дыбыстар дұрыс айтылмай, сөйлем құрауға енді үйрене бастайды. Мысалы: «кампик дзим- кәмпит жеймін, сала ұсты- шарлар ұшты»- Бұл жаста баланың қарым- қатынас жасау ортасын кеңейту керек. Тек өз туғандарымен емес, бұрын танымаған кісілермен де, өз қатарластарымен де сөйлестіру қажет. - Ойын кезінде сөйлеу белсенділігі артады. Рөлдік ойындарды жиі ойнау керек.- Ересектердің әңгімесіне қызығушылығы артады. Бала тек өзіне қаратпа сөзге емес, өзара сөйлескен ересектердің де сөздерін есіне сақтай бастайды. Ал

сөйлеу тілінің грамматикалық жағы, яғни сөйлемдерді реттеп құрастыра білуі 3 жасқа караған шағында беки түседі. Бұл кезеңде «ш», «ж» дыбыстары «с», «з» дыбыстарына, «щ» дыбысы «ть», «ч»-ға, «р», «л» дыбыстары «й», «ль» дыбыстарына, «к», «г», «х» дыбыстары «д» дыбыстарына алмастырылып айтылуы мүмкін. Олар 5-6 жастағы балада қалыптасып болуы керек. Ал артикуляциясы күрделі «р» дыбысы 7 жасқа дейін қате 4 5 айтылуы мүмкін. 4 жастағы бала өз тілінде жай және күрделі «р» дыбысы 7 жасқа дейін қате 4 5 айтылуы мүмкін. 4 жастағы бала өз тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады, ал 5 жасында қосымша сұрақтарсыз тыңдаған әңгіменің мазмұнын өз бетімен айтып бере алады. Мектеп жасындағы кезеңде бала сөйлеу тілін саналы түрде игереді. Сөйлеу тілінің бір түрі – жазбаша сөйлеу тілін меңгере бастайды. Бұл кезде дыбыстарды анық айту, оларды ажырата білгенін қадағалау ата-ана үшін үлкен жауапкершілік. Себебі дыбысты дұрыс айта алмаған бала, жазу кезінде дәл сол қатесімен жазып қоюы мүмкін. Мысалы: «ж» дыбысын «з» дыбысына алмастыру кезінде: «жаңбыр»- «заңбыр», ал дыбысты дұрыс қабылдай алмағанда «батпақ»- «патпақ» т.с.с. қателер жіберуі мүмкін. Ерте балалық шақта жиі қойылатын диагноз, баланың тілдік жетілуі өз жасына сай еместігі (4жасқа дейін). «ЗРР» дің белгілері:- Нәрестелік кезеңде гуілдеудің аздығы, былдырлап сөйлеудің болмауы;- Жастан аса сұраққа жауап танытпауы;- - Бейсаналы түрде өзгенің сөзін қайталау (эхолалия); 1.5- 2 жас шамасында қарапайым нұсқауларды орындай алмауы;- 2 жаста жай сөздерді өз бетінше айтпауы;- 3 жаста сөйлеммен сөйлей алмауы (тек жаттанды, мультфильмдердегі сөздерді айтуы);- Қарым-қатынаста мимика, ыммен түсіндіруді басым қолдануы т.б. Егер уақытымен байқап маманға (логопед, педиатр, невро патолог) көрсетсек, баламен үйде жүйелі дамыту сабақтарын оқытып, жаттығулар мен ойындарды орындасақ, бұл диагноздан жылдам құтылуға болады.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топта денсаулықты сақтау технологияларын қолдану кестесі. 2023-24 оқу жылы

Мақсаты: арнайы ортаңғы топта денсаулықты сақтау технологияларын енгізе отырып, оның әрбір саласын қамту. Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере, күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру.

Денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері	Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә	Жүргізудің әдіс-тәсілдері	Жауапты
І. Денсаулықты сақтау технологиясы			
Ритмопластика (ырғақты)	Күн сайын.	Балалардың көркемдік жағына көңіл бөлу.	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
Динамикалық пауза (үзіліс)	Оқу қызметі кезінде 1-2 мин.	Сергіту сәтті. Аз қимылды ойындар.	Тәрбиешілер
Қимылды және спорттық ойындар	Дене тәрбиесінде, серуенде, топ бөлмесінде, күнделікті.	Ойындарда баланың жас ерекшелігі ескеріледі.	Тәрбиешілер
Релаксация	Кез келген қолайлы жерде.	Баяу ырғақты классикалық музыкаларды, табиғат жайлы әуендерді қолдану.	Психолог, тәрбиешілер
Саусакқа арналған жаттығулар	Жеке немесе топпен күнделікті.	Халық ауыз әдебиеті. Жаңа жаттығулар.	Тәрбиешілер
Көзге арналған жаттығулар	Күнделікті 2-3 мин. кез келген бос уақытта .	Педагогтар міндетті түрде көрнекілік қолдану керек.	Тәрбиешілер
Тыныс алу жаттығулары	Әр түрлі денсаулық-шынықтыру жұмыстарында.	Гигиеналық талаптарды сақтау, бөлме желдетілген болу керек.	Барлық педагогтар
Бой сергіту жаттығулары	Күнделікті күндізгі ұйқыдан кейін 5-10 мин.	Жүргізу тәсілі алуан: төсектегі жаттығулар, жуыну, кедір-бұдыр тақтайшалардан өту т.б.	Тәрбиешілер

Денсаулық – сақтау технологиясы.

Тәрбиеші: Умарова Г. Қ.

2.Салауатты өмір сүруге машықтану технологиясы

Денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері	Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә	Жүргізудің әдіс-тәсілдері	Жауапты
«Дене шынықтыру» оқу қызметі	Аптасына 3 рет дене тәрбие залында орта топ-15-20 мин.	Бағдарлама жүктемесіне сәйкес жүргізіледі.	Дене тәрбиесінің жетекшісі, тәрбиешілер
Ойын терапиясы және ойын тренингтері	Күн сайын.	Оқу қызметі ойын түрінде.	Тәрбиешілер
Коммуникативті ойындар	Күн сайын.	Әңгімелер, сурет салу, мүсіндеу т.б.	Тәрбиешілер

3.Коррекциялық технологиялар (түзету)

Денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері	Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә	Жүргізудің әдіс-тәсілдері	Жауапты
Музыкалық әрекет технологиясы	Сауықтыру- шынықтыру жұмысы 2-4 рет	Балалардың көңіл күйлерін көтеру мақсатында.	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
Ертегі терапиясы	Күн сайын.	Тәрбиеші, жеке баланың әңгімелеуі арқылы.	Тәрбиешілер
Түстер технологиясы	Күн сайын.	Түстерді ажырата білу. Балалардың бойындағы жағымсыз әсерлерді шығару.	Психолог, тәрбиешілер
Артикуляциялық жаттығулар.	Оқу қызметі үстінде және күнделікті 3-5 мин. кез келген бос уақытта .	Арнайы әдіс-тәсіл арқылы жүргізіледі.	Тәрбиешілер
Нейропсихологиялық жаттығулар	Күнделікті 3-5 мин. кез келген бос уақытта .	Арнайы әдіс-тәсіл арқылы жүргізіледі.	Тәрбиешілер

Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру.

Мәлімет.

Тәрбиеші: Умарова Г. Қ.

2023-24 оқу жылы басталды. Топта жұмыс жасайды тәрбиешілер Гулдарай Қасқырбайқызы және Гүлгүл Жұмамұратқызы, педагог-логопед Алия Халелқызы және көмекші –тәрбиеші Гульзамия апай.

Қазіргі тәрбиешілерге қойлатын талап сабақтар ойын түрде өту керек. Бірақ бізде сабақ кестесі бар деп, кестені тақтаға іліп, ата-аналарды 2023-24 оқу жылына берілген кестемен таныстырамын: мұндағы «Сөйлеуді дамыту» аптасына 2 рет және «Дыбыстап айту» аптасына 1 рет өткізеді біздің топтың педагог- логопеді Алия Халелқызы, «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет өткізеді дене шынықтыру –педагогы Гульбану И., «Музыка» аптасына 1 рет өткізеді музыка- педагогы Гульшат Жумашановна. Енді сұрақ болу мүмкін:- Математика, сурет, жапсыру және т.б. сабақтары сонда болмай ма?

-Жоқ болады, бірақ біз оны ойын түрінде күннің І-ші немесе ІІ-ші жарытысында кез-келген уақытта өткіземіз.

Біз арнайы топ болғандықтан біздің өзекті мәселеміз: «Денсаулық сақтау технологиясы» деп, ата-аналарға тақтаға кестесін іліп, шолу жасаймын. Денсаулық сақтау технологиясы 3 бөліктен тұрады:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Салауатты өмір сүруге машықтау технологиясы
3. Коррекциялық технологиялар (түзету).

Мысалы: «Ертегі терапияны» біз басқа қырынан алдық. Өткені ертегіде кейіпкер атаулары қайталана береді (ата, әже, түлкі, қоян, т.б.) және балалар олардың дауыстарын, іс-қимылдарын салуға қызығушылық танытады. Осы оқу жылында біз 10 шақты ертегімен танысамыз. Мысалы: «Шалқан», «Үйшік», «Мақта қыз бен мысық» т.б.

Қазіргі жаңалық педагогика саласындағы –«Нейрожаттығулар». Нейрожаттығулар баланың миының екі жақ шеңберінің бірдей дамытады. Нейрожаттығу- дегеніміз берілген жаттығуды бірдей екі қолымен жасау. Бізде «Нейрожаттығулар» 3 топқа бөлінеді:

- 1- ауада жасайтын жаттығу, 2- үстел үстінде жасайтын жаттығу, 3- құралмен жасайтын жаттығу. Ата-аналарды таныстыра келе, олармен 3-4 түрлі жаттығуларды жасатамын.

Бірақ біздің барлық ауымымыз: бала сөйлеп кетсе екенін. Ол үшін біздер не үстеуміз керек? Ең бастысы бірлесіп жұмыс жасау керек. Сіздер де үй жағдайында балалармен жұмыс жасау керек. Қалай жасаймыз? Ия ол үлкен сұрақ деп, тақтаға «Сөйлеп кету үшін (запуск речи)», «Таза сөйлеу үшін», «Сөйлеп кету үшін (3 негізгі)» трек-сызбаларды іліп, таныстырдым.

Трек-сызбалар

I. «Сөйлеп кету үшін (запуск речи)»:

1. үлкен моториканы дамыту (велосипед тебу, самоқат т.б.)
2. ұсақ қол моторикасын дамыту (моншақтарды тізбектеу, қыстырғыштар т.б.)
3. артикуляциялық моториканы дамыту (артикуляциялық жаттығу)
4. тыныс алуды дамыту (тыныс алу жаттығуы)
5. айтқан сөзді түсінуін дамыту (ойын арқылы)

II. «Сөйлеп кету үшін (3 негізгі)»:

Баланың сөйлеп кету үшін 3 негізгі құрамы болу керек:

1. эмоция
2. коммуникация (общения)
3. ойын

«Таза сөйлеу үшін»:

1. тыныс алу жаттығулары
2. артикуляциялық жаттығу
3. дауысты дыбыстарды қайталап айту:

А-О-А-О

А-О-У-Ы-Е.

Бекітілді:
«№41 «Назеркөз Бөбекжай» балабақша»
МККК мендәрушісі



А.Е. Уртамбаева
2023 жыл

Ұйымдастырылған іс- әрекеті кестесі
№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ

Апта күндері	Ұйымдастырылған іс- әрекет
Дүйсенбі	Сөйлеуді дамыту 2. Дене шынықтыру (9.35-9.50)
Сейсенбі	1. Дыбыстап айту 2. Дене шынықтыру 9.40-9.55
Сәрсенбі	Дене шынықтыру (9.20-9.35) Қазақ тілі
Бейсенбі	2. Музыка (9.30-9.50)
Жұма	1. Сөйлеуді дамыту

Ата - ана жиналысынан үзінді



№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы тобының ата –аналар жиналысы

Гүлдарай Қасқырбайқызы: Ата- аналарға топтың ерекшелігі туралы таныстырылды. Ата-Аналарға тыныс алудың түрлерін көрсетілді.



Логопед Алия Халилқызы: Ата- аналарға айна мен жұмыстың маңыздылығы мен және артикуляциялық жаттығулардың түрлерін көрсетті, қолдарына көмек ретінде берді.



Медбике: Замзагул Туктарбаевна балалардың денсаулығы туралы мәлімет беріп, ата- аналарға тазалық және екпе алу туралы түсініктеме сөз сөйледі.



Гүлгүл Жұмамұратқызы:

- Балалар жұмысы
- Ата-аналар комитетін сайлау туралы сөз сөйледі.

Сұрақ – жауап:

Шарды тандау арқылы балалар туралы қызықты сұрақтарға жауап берді.

1. Балаңыздың балабақшаға келгелі қандай өзгерістері болды?
2. Карандаш арқылы Нейрожаттығу жасатылды.



Ата -ана комитет тізімі

№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ

№	Ата – аналар аты жөні	Телефон нөмері
1	Ерназарова Мөлдір Мұратбайқызы	87005882018
2	Ахметова Ләззат	87771620600
3	Әлібекова Айымгул Жұманқызы	87058374093

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
«Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры
«International academy» Халықаралық ғылыми-әдістемелік академиясы



ZHUBANOV
UNIVERSITY



INTERNATIONAL
ACADEMY

ДИПЛОМ

I дәрежелі

«АЛТЫН КҮЗ-2023»

атты мектепке дейінгі тәрбиеленушілер мен мектеп оқушыларына арналған
IV Республикалық сурет, қолдан жасалған бұйымдар және фотосурет байқауының жеңімпазы

Ерназарова Фатима

Жетекшісі: Ниетбаева Гүлгүл Жұманұратқызы

марапатталады

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
кәсіби-шығармашылық
факультетінің Деканы

Ж.Ж. Картбаева



«Халықаралық педагогикалық
шығармашылық пен ғылымның
дамуын қолдау қоры»
Қоғамдық қорының
президенті
А.Т. Сәтенова

«International academy»
Халықаралық ғылыми-
әдістемелік академиясының
директоры


Г.А. Такишева
Международная
научно-методическая
академия

БСН/БИН 160740017219



БСН 170840021548
Лицензия МИР РК
№17264-Ж 05.09.2018г.
Тожу Даур IIII

Ақтөбе қаласы, 2023 жыл



Ертеңгілік:

АЛТЫН КҮЗ!

Тәрбиеші: Умарова Г. Қ.

Ақтөбе қаласы

Зал іші « Алтын күз » мерекесіне байланысты безендірілген.

Балалар музыка әуенімен залға кіріп, орындарына отырады.

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Бүгін №3 «Гүлдер» арнайы ортанғы тобының балалары дайындаған «Сикырлы күз!» атты мерекелік ертеңгіліне қош келдіңіздер.

Армысындар, халайық!

Бармысындар , халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Келіңіздер бірге қарсы алайық!

Ортаға Нұрасылды шақырамыз.

Нұрасыл: Сап-сары маңай, сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып, құс кетті қайтып.

Байнур: Алақай! Алақай! Шаттанады балақай!

Күз түсті, дән пісті. Айтамыз алғысты.

Асылым: Жапырақ ұшты, суық та түсті,

Сонда да бізге, қызық көп күзде.

Жүргізуші: -Балалар, далада жылдың қай мезгілі?

-Күзде жапырақтар не істейді?

-Құстар қайда ұшып бара жатыр?

-Аспаннан не жауып жатыр?

Музыка әуенімен Алтын күз кіреді.

Күз: Сәлем өрен достарым,

Алақанды тос бәрің.

Қамбадағы сый алындар,

Қызығыма қанындар.

Алтын түске боялды,

Тау мен қырға дала күз.

Келдім міне ортаға

Менің атым- Алтын күз.

Жүргізуші: Қош келдің, Алтын күз! Өзіңмен бірге береке, байлық, мол ырыс әкелгеніне біз қуаныштымыз.Енді балалардың өзіңізге арналған өнерлерің тамашалаңыз, Күз туралы жаттаған тақпақтары да бар.

Мирас: Келді міне күз, айнала сары түс.

Керемет, тамаша, қандай әсем күз.

Жігер: Күздің қазан айында, алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып, сыбдыр-сыбдыр түседі.

Хор. Ән: «Жаңбыр».

Алтын күз: -Балалар, менің ойыным бар: «Сикырлы бұтақ» деп аталады. Ойнайсындар ма? (Бұл ойынды бәріміз бірге ойнаймыз. Кәне, үлкен шеңбер құрайық. Ал мынау, менің «Сикырлы бұтағым»).Қазір осы сикырлы бұтақтың көңілді тапсырмаларын орындаймыз.)

Ойын: «Сикырлы бұтақ».

Алдияр: Берекесін сыйлауға, өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға, шақырады біздерді.

Төрехан: Жапырақ ұшты, суық та түсті.

Сонда да бізге, қызық көп күзде.

Фатима: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп, көз тартады атырап.

Алтын күз: -Балалар, менің тағы да бір ойыным бар. Ойнайсыңдар ма? Ойын «Жапырақтарды жинау» деп аталады. (Ортаға 4 бала шығады. Оларға «Полька» биінің кимылын орындамыз. Содан соң түстеріне қарай жапырақтарды таңдайды, жинайды. 2 рет ойнатасың).

Ойын: «Жапырақтар жинау».

Жүргізуші: Алтын күз, балалар сізге арнап тағы бір ән жаттады. Қабыл алыңыз.

Хор. Ән: «Жеміс теру».

Алтын күз: Балалар, мен бос келген жоқпын. Сендерге арналған сыйлығым бар. Ой-ой-ой! Мен сыйлығымды үйде ұмытып кеттім. Енді не істеймін? А-а-а! Таптым. Менің көмекшім қайда екен? (Алтын күз қоңырауың соғады.)

Тосын сый. Музыка әуенімен Қоян кіреді. Қолында себеті бар. (үшінде ойынның заттары бар)

Қоян: -Саламатсыңдар ма, балалар! Мұнда не болып жатыр? Алтын күз, сен мені неге шақырдың? Мен шаруа істеп жатыр едім, қысқа дайындалып жатыр едім.

Алтын күз: -Қоян, мына балалардан көмек сұрап көр. Олар саған көмек береді деп ойлаймын.

Қоян:-Балалар, сендер маған көмек бересіңдер ме? Ал ата-аналар шы? Сендер көмек бересіңдер ме? Ендеше қазір сендер маған қысқа банкі жабуға көмектесіңдер. (4 бала анасымен ортаға шақырасың. Балалар банкілерді таңдайды. Қақпағының түсіне қарай жабады. Ойынды 2 рет ойнатасың.)

Ойын: «Қысқа дайындық». (Банкілерді себетке салып аласың.)

Алтын күз: -Қоян, менің балаларға арналған сыйлығым бар еді. Бірақ мен оны үйде ұмытып кеттім. Сыйлығымды тез мында жеткіз. Сен шапшаңсың және тез жүгіресің ғой.

Қоян шығып кетеді. (Себеті қолында)

Алтын күз: Менің бау-бақшамда не болып жатыр екен.

Жүргізуші: Ал бау-бақшада көкөністер пісіп жатыр екен. Ал тағы олар не істеп жатыр екен? Кәне, көрейік.

Көрініс: «Бау-бақшада».

Ән: Тату-тәтті достармыз,
Достықты біз қоштармыз.
Өлеңді айтып, би билеп,
Той думанды бастаймыз.

Қоян кіреді: Міне, сыйлықты әкелдім.

Алтын күз: Рақмет, балалар, бағанадан өнерлеріңді көріп, риза болдым. Мен өздеріңмен қоштасамын. Ал, сыйлықты апайларына берейін. Топқа барып, балалар қолдарын жусын, тек содан кейін сыйлығымды берерсіңдер. (Сыйлықты табыстап кетеді.)

Жүргізуші: Жомарт көңіл, жарқын күз.

Берекесін елімнің.

Қош келдің, Алтын күз-

Құт қонағы төрінің.

Құрметті қонақтар, осымен біздің бүгінгі мерекеміз аяқталды.

Сау болыңыздар.

№41 « Назерке » бөбекжай – балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы : «Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу»

№3 «Гүлдер»тобы

Дайындаған: Умарова Г.Қ

«Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу»

Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Мектепке дейінгі шақ – бала бойына адамгершіліктің негізін қалайтын кез. Сондықтан да бала бойына жас кезінен-бастан ізгілік, мейірімділік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру ата – аналар мен тәрбиешінің міндеті. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты. Адамның іс - әрекеті мен мінез құқынан да әдемілік, сұлулық көрініс таппайынша, адамгершілік парасат тәрбиесі көзделген мұратына жете алмайды.

Адамгершілік, адамгершілікке баулу дегеніміз не? Біздіңше, ол адамдардың үлкен бе, кіші ме әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым – қатынасын ақылға салып, ар – ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын тандап ала білуі. Сондықтан адамдыққа баулу жұмысының ережесі балабақшадан бастап нақтылы мақсатты көздеуі шарт. Тәрбиеші балалардың орынды іс - әрекеттерін мақұлдай отырып, азды – көпті жіберген кемшіліктерін өздері түсініп, түзетуге бағыттай білуге тиіс. Әр бала өз ісі мен қылығына жауапкершілікпен қарап, ұялу кешірім сұрау сияқты әдеттерді үйрену керек.

Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, талғамдарын артыруға ат салысу, жаңа озық тәжірибені дер кезінде насихаттап, өмірге енгізу – барша қауым, педагогтар бірлесе атқаратын абыройлы міндет. Жас ұрпаққа адамгершілік – эстетикалық тәрбие беру тұжырымдамасын да былай делінген: «Балабақшадан бастап жан – жақты және толық жетілген тұлғалы адам тәрбиелеуге жәрдемдесетін эстетикалық мұраттар, талғам мен талап – тілектер қалыптастыру, түптеп келгенде тәрбиенің барлық қыры мен сырын өз бойына сіңіреді, сөйтіп жас адамның тұлғасын сомдайды». Балабақша жұмысының мазмұны күн тәртібінің барлық сәттерінде балалардың мінезін дұрыс бағытта тәрбиелеуге негізделеді. Егер де бала мінезін дамыта отырып тәрбиелесек, онда қыныр баланың кикарлығы арта түседі де төбелеске, дау – дамайға бейім болады. Тегінде көп нәрсе бала өмірін дұрыс ұйымдастырып, шебер басқара білуге байланысты. Ол үшін тәрбиеші үнемі өз тәжірибесін молайтып, шеберлік, біліктілігін арттырып отыруы қажет.

Бала ойын ойнағанда өмірде көрген – білгенін өзіне ұнаған адамның іс - әрекетіне еліктеп отырып бейнелейді.

Бала үшін өзіне ұнаған адамнан артық ештеңе жоқ, оған барлық жағынан ұқсағысы келеді. Жалпы бала табиғаты өзін бірнеше есе үлкен қылып көрсетуі белгілі. Тез есейгісі келіп, бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын мұқатпай, сен үлкенсің, мен көмектесіп жіберсем, бәрін де өзің істей аласың деп, сенім білдіре тәрбиелеу ұтымды әдіс. Үлкен адам мен баланың айырмашылығы үлкендердің сана сезімі мен іс – тәжірибесінің молдығында ғана. Ізеттілік, ізгілік, инабаттылық, әдептілік – бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес.

Бұл – балабақшадан бастау алып, өмір баспалдақтарында шыңдалып, біртіндеп қалыптасатын қасиет.

Тәрбиеші бұл мақсатта көркем әдебиет шығармаларын кеңінен пайдаланады. Солай еткенде бала өздігінен ойын ойнағанда тәрбиешінің, ата – аналарының оқыған шығармаларынан өздеріне ұнаған басты кейіпкерлерін бейнелейді. Осы орайда күнделікті өмірде балаларға түсінікті юморлық (әзіл - қалжың) шығармаларды пайдалану топта балалардың көңіл – күйін көтеріп, олардың қайырымдылығын, ізгі сезімін, бір – бірене мейірімділігін тәрбиелеуге күшті әсер ететінін атап өту ләзім.

Әр баланың бойында өмірге деген белгілі бір бейімділігі, сүйікті істері болады. Әне соны дер кезінде байқап, жан – жақты дамыта тәрбиелеу қажет.

Баланың әдепті, көргенді, қайырымды болып өсуі қоршаған ортасына, үлкендерге байланысты екені мәлім. Бала өмірде көрген – білгендерін, ойға түйгендерін ойын арқылы қалай бейнелесе, біздердің яғни үлкендердің, көрсеткен үлгі - өнегеміз қандай дәрежеде болса, балалардың да тәлімділігі соны айқын бейнелейді.

Балалардың мейірбандық қасиеті отбасындағы үлкен адамдардың өнегесіне, балабақшадағы тәрбиеші – апайының олармен күнделікті қарым – қатынасы мен тәрбие жұмысын ұтымды жүргізуіне байланысты қалыптасады. Үлкендердің мейірімділігі баланың сәби жүрегін қуаныш сезіміне бөлейді. Бала жаны еліктегіш, ол үлкендердің іс - әрекетін үлгі ретінде қабылдайды да, оны ойын кезінде айқын бейнелеуге тырысады. Балалардың бір – бірімен достық қарым – қатынасының дұрыс қалыптасуында мақсатты жүргізілген жүйелі ойын процесінің тәрбиелік мәні мол.

Адамгершілік тәрбиесіне тәрбиелеуде орыс жазушылары бұл жөнінде: «Адамгершілікті, мейірбандылықты, қайырымдылықты, тәрбиелейтін шың мектеп – бақша, анаға, екеге, әжеге, аға – ініге, апа – қарындасқа қарым – қатынас, адамгершіліккесын болып саналады десе, ол қазақ халқының жазушылары былай деген. Абай «Отыз жетінші сөзінде»: «Артық білім кітапта», «Атаңның баласы болма – адамның баласы бол», «Әкесінің баласы – бауырың » - дейді Дара болмай, көпшіл халықпен бірге бол деген идеяны насихаттап, балаға ой салады, оның көңіл көзін оятады. Сондай – ақ жолдастық, достық қарым – қатынас адамгершілік жайында да бірқатар ілгері пікірлер айтты, яғни жаман дос көлеңке: басынды күн шалса, іздеп таба алмайсың, басынды бұлт алса, қашып құтыла алмайсың» дейді Абай атамыз. Сөйтіп бала бойындағы әрқашан әділдікті жақтайтын қасиет болуын талап еткен.

Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылар: Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Спандияр Көбеев өз шығармаларында балаларды адамгершілікке, достыққа, бірлікке шақырады.

№41 « Назерке » бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы : «Сөйлесе білуде - өнер »

№3 «Гүлдер»тобы

Дайындаған: Ниетбаева Г.Ж

- Үйге ашығып келмеңіз. Ашыққан адам шыдамсыз ,мазасыз болады.

- Өте шаршап қажымаңыз. Шамадан тыс физикалық, ақыл-ой жүктемелер өзіңізді жайсыз сезінуге әкеледі. Жұмыстағы қиындыққа бала кінәлі емес.

- Қызметіңіз туралы айтқанда бала қызметтің одан маңызды екенін сезінбесін. Қызметіңіз сізге ұнайды, баланы-жақсы көресіз.

- Баламен сөйлесу бәрінен де маңызды. Ас дайындауда немесе басқа жұмыс барысында келген баланы итермеңіз . Бала-бұл адам , ал кешкі ас пен жұмысты күтуге болады.

- Бала көмекші әрі отбасының теңқұқылы мүшесі. Ыдыс жуу, еден жуу сияқты үйдегі ең ұнамсыз жұмыстарды тапсырып , баланы жалықтырмаңыз. Неге қоқыты бала төгу керек? Себебі, сіз бұйырасыз!




- Бала арқылы мен білемге салмаңыз. Сіз ересексіз ,сондықтан көп білесіз. Егер де балаңыз басқалармен салыстырғанда өзіне , өз күшіне сенімді болсын десеңіз , бала ересектердей ой түйетінін сезетіндей сөйлесіңіз.

- Жұмыс-бұл жанұяны қамтамасыз ететін құрал. Егер өз өміріңіз үшін жұмыс маңызды болса, бала өзін бақытсыз сезінеді және тез ержетуге асығады.

- Тыңдай біліңіз. Көпшілігімізге баланың ісішала, сөзі маңызды емес деп санаймыз. Ол бізге кішкентай болғанмен, өзіне «маңызды» болуы мүмкін. Негізінде оның ісі мен сөзі өзіміз сияқты маңызды. Егер балаға сондай көзқарас танытсаңыз, онда ешқандай сенімділік болмайды.

- Баламен кеңесіңіз. Өз ойларыңыз бен уайыммен бөлісіңіз. Ақыл – кеңес сұраңыз және соған жүгініңіз.

- Тілім нан үшін қинай бермеңіз. Балаңыз Сізден материалды тәуелді екенін айтудан қашыңыз. Балада сізге ауыртпалық түсіремін деген ой туады, бұл баланы жаралайды... Қарттық шағыңызда осындай жағдайлардан ұялуыңыз әбден мүмкін.



№41 « Назерке »бөбекжай балабақшасы

« Жаңа жыл – жаңа жыр »
№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ

Тәрбиеші:

Ниетбаева Г.Ж

Музыка жетекші:

Г Жұмахшановна

Әсем безендірілген музыка залы.

Мақсаты: Балалардың қиялыны ерік беру, эстетикалық талғамын қалыптастыру, әдепке баулу, музыкалық талғамын кеңейту.

Қар ханшайымы: қолын көлегейлеп қарайды

-балалар қарандаршы анау жақта шамдар жарқырып, шыршада әдемі ойыншықтар ілініп, бір керемет болып жатқан сияқты. Сол жаққа барғылырың келе ме, Аяз атаны, Ақша қарды көріп сыйлықтарыңды алғылырың келе ме?

Балалар:

-Иә, ханшайым барайықшы!

-Қар ханшайымы:

Ал ендіше, шанамызға отырайық та, зырғанай жөнелейік.

Бәрі шанаға отырып, шыршаның қасына келіп тоқтайды. Балалар үстерін қағып, шанадан түсе бергенде шыршы түбінен Қоян ыршып, секіріп шыға келеді.

Қоян:

-Қош келдіңдер қонақтарым, мен сендерді бір жыл бойы күттім ғой. Келіңдер келіңдер жаңа жылды сендермен, бүкіл аңдармен қарсы алатын болдым. Мен сендерге бір бір жайлы үй дайындыдым. Бірақ бұл үйлер сиқырланған 5 минутта үйлерінді тауып алмасандар, уйдің есігі ашылмай қалады. Кім қайда баратынын білгісі келсе, қолдарындағы сағатына қарасын.

Қар ханшайымы:

-Балалар сағатымызға қарайықшы, не көріп тұрсындар?

Балалар қолдарындағы суретке байланысты аңдардың суретін тауып, сол орындықтарға жайғасады.

Қар ханшайымы :

Рахмет саған қоян сый құрметіңе. Енді біздің сыйымызды қабыл ал.

Аппақ болып көрінген
Шуақ шашқан жүзінен
Арнап сізге досымыз
Ән шырқайық бәріміз.

ӘН: АҚҚОЯН

Қоян :

Балалар сендердің үйлерің бар, ал менің үйім қайда білесіңдер ме?

Балалар:

Білмейміз.

Қоян:

Менің үйім мына үлкен шыршының түбінде .Менің шыршыма да ән айтып бересіңдер ме?

Қар ханшайымы:

Мүмкін шыршымызбен ойын ойнармыз.Қалай қарайсыз?

Қоян :

Ойнасақ ойнайық.

Ойын :Шыршаның досын тап

Қар ханшайымы:

Шыршыға арнап балалардың өлең шумақтары бар.

Фатима:

Тамаша ,тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Нұрасыл:

Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Жадырап бар бала жүр.

Асылым:

О,алақай жаңа жыл

Бәрі аппақ ой мен қыр

Шыршамызбен ойнаймыз

Жаңа жылды тойлаймыз.

Алдияр :

Жаңадан тақпақ

Аламыз жаттап

Жаңа жыл келдің

Жаңа жыл аппақ

Қоян :

Рахмет достарым.Бірақ менің көңіл куйім болмай тұр.Мұнайып отыра кетеді.

Қар ханшайым: Ақ қоян саған не болды.

Қоян:

Менің шыршамның шамы жанбай тұр.Оны тек Аяз Ата ғана жаға алады.Ал ол болса әлі келмей жатыр.

Қар ханшайымы: Жарайды Қоянжан қәзір шақырамыз.Балалар қәне Аяз ата мен Ақша қарды шақырайықшы.

Балалар: Аяз атаааааа .Ақша қар Зрет айқайлайды.

Жағымсыз музыка ойнап ,залға аю келеді.

Аю: Кім мені оятқан ?ААА мына жерден қоянның исі шығып тұр ғой,қарным ашып тұр еді.Жақсы болды ғой

Қоян дірілдеп шыршаның артына тығылады

Қар ханшайымы:

Ой аю мырза кешіріңіз ,біз білмей қалдық.Одан да бізбен бірге көңілді ойын ойынашы.

Ойын : аю мен балалар

Аю :Ой балалар мен шаршадым .мен сендерге жете алмадым.Оданда ініме барып ұйықтайын.Енді мені мазаламаңдар.

Қар ханшайымы:

Балалар қәне тағы Аяз Ата мен Ақша қарды шақырайық.

Аяз атааааа- ақша қарррр!

Музыкамен Аққала кіреді. Қолында хаты бар.

Қар ханшайымы: Балалар қараңдаршы бізге кім келді Аққала ғой.

Аққала : Мен сендерге Аяз атадан хат әкелдім.

Қар ханшайымы:

« Менің кішкентай достарым , мен кішкене кешігіп барамын»

Рахмет саған Аққала! Ендіше балалардың биін тамашала!

Би: Аққала

Жігер.Алдияр.Нұрасыл. Ислам. Аспарух.Сұлтан

Аққала :Балалар көп рахмет мен ендіше тағы хаттарды тасуым керек.

сау болыңдар

Музыка ойнап залға Аяз ата мен Ақша қар кіреді.

Аяз ата

Армысыңдар менің кішкентай достарым.

Нулы тоғай орманды

Қарлы боран тауларды

Үлкен үлкен қаланы

Алыс алыс ауылды

Көру үшін сендерді,

Асығыс сапарға

Қәне балалар қуаныңдар сендерге қуаныш береке әкелдім.

Қар ханшайымы: Қош келдіңіз Аяз Ата Ақша қар!Біздің шыршамыздың шамдарын жағып берсеңіз.

Бірге

Қуант бізді таңырқант

Шамдарыңды жарқырат

Аяз ата
Жанады міне жанады
Таяғым менің тигенде
Шыршаның шамы жанады
Бір екі үш дегенде

Бәрі қуанады.
Қар ханшайымы
Балалардың аяз ата ға арнаған өлең шумақтары бар.

Төрехан
Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Қызы ала шапаны
Сағындым аяз атаны

Мирас
Ақ жібектен шапаны
Аппақ күміс сақалы
Гүлдей жайнап жанары
Көрдің бе аяз атаны

Исламбек
Таяғы бар қолында
Қар борайды соңында
Қандай сыйлық бар екекн
Арқалаған қабында

Жігер
Ақ таяғын таянып
Таңмен бірге оянып
Аяз ата келіп тұр
Ақ күпіге оранып

Сұлтан
Аяз ата келгенде
Билейміз ,ән саламыз.

Қар ханшайымы:
Алғыс сізге аяз ата ,енді балалардың сізге арнап ән айтып береді.

Ән: Аяз - Ата келеді.

Ойын : Қолғаптың түсіне қарай жамауын табу.

Би: Жаңа жыл Фатима- Мирас.Төрехан - Асылым





Баяндама:

**Балалардың тілін дамытуда халық
ауыз әдебиетінің маңызы.**

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Ақтөбе қаласы.

Қазақ халқының бай салт – дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше. Жазу- сызу болмаған кезде халықтың ой-арманынан шыққан әңгімелер, жұмбақтап айтқан сырлары, тілдерін ұштаған жаңылтпаштар, өткір тіл ұшқыр ойдан шыққан мақал- мәтелдер, бейбіт, зұлымдықсыз, әсем өмірді аңсағанда шыққан қиял- ғажайып ертегілер, т.б. бәрі- бәрі баланың тілін дамытып, ой- өрісін арттыруда ерекше рөл атқарған. Балалар да ертегі тыңдап ,бір- біріне жұмбақ жасырғанды, жаңылып жаңылтпаш айтқанды , тұрмыс-салт жырларын орындағанды ұнатады. Бұл баршаға аян болғанымен балабақшадағы сәби тобынан бастап балалардың тілін халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, дамыту, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы және әр түрлі жағдайда іске асады .

Халық ауыз әдебиетінің салалары көп- ертегілер, жырлар, мақал- мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. Осы салалары балалардың жас ерекшеліктеріне қарай және оларды жалықтырып алмайтындай етіп, сана- сезіміне әсер ету арқылы қызықтыра отырып, бойларына сіңіру әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етері хақ.Өйткені кіші сәби жастан бастап балаларға ертегі тыңдатып, халық ауыз әдебиетімен сусындату келешек ұрпақтың ойының ұшқырлығына, тілінің байлығына, сана-сезімнің өсіп дамуына көп әсерін тигізеді деген ойдамын.

№3 «Гүлдер» арнай ортаңғы тобының балалардың ең жақсы көретіні- ертегі тыңдау.Сондықтан мен балаларға ертегіні тандағанда -ол ертегі қызықты болу керек және мазмұны қысқа,кейіпкерлері таныс және аз болу. Ертегіні балаларға әңгімелеп беріп жатқанда дауыс ырғағын, мимикаңызды өзгертіп отыру қажет . Кейіпкерлердің қарапайым қимыл- қозғалыстарын көрсетіп, өлеңдерің әндегіп айтып берсеңіздер өте жақсы болады. Бір ертегіні 3-4 рет айтып беруге болады және баланың сұраған ертегісін қайталап айтуға болады. Ең соңында балалар өздері еркін сіздерге қосылып ертегінің мазмұнын әңгімелеп береді. Сол уақытта баланы мадақтауға ұмытпаңыз.

Кіші топтағы балаларға қысқаша қызықты ертегілер, өлең- жырлар, жұмбақтар, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтар, сұрамақтар, сондай- ақ мазақтамаларды пайдалана отырып, балалардың тілін ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын дамыту маңызды. Халық ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы -тұрмыс – салт жырлары. Ұлы данамыз Қ. Абай « Туғанда дүние есігін ашады өлең ,өлеңмен жер қойына кірер денең» деп бекер айтпаса керек . Сол сан түрлі тұрмыс-салт жырларының ішіндегі бесік

жырлары, тұсау кесер жырлары, т. б. Баланың жаттауына тез әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды.

Ертеде қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан халық ауыз әдебиетінде төрт түлік малдың орны ерекше. Төрт түлік мал туралы мақал- мәтелдер, жұмбақтар, өлең- жырлар, халық ауыз әдебиетінде белгілі бір орын алып тұрғандықтан және қазақ халқының тұрмысында да маңызы зор болғандықтан балаларға төрт түлік малмен оның төлдері туралы айтып, үйрету маңызды.

Сондай- ақ балаларға кіші жастан бастап, тілге жеңіл, қысқаша құрылған жұмбақтарды үйрету, олардың ойларының ұшқыр, сана сезімнің жетіле түсуіне көп әсерін тигізеді. Кіші жастағы балалар көбінесе жануарлар туралы жұмбақтар шешуге қызыға ат салысады. Мен де өз балаларымды жұмбақтар шешуге үйретемін. Біздің топтың балалары ерекше болғандықтан, жұмбақтардың шешуін суреттерге сүйініп табуға үйретемін. Мысалы: «Үй жануарлары» немесе «Жабайы аңдар» туралы жұмбақтар шешкенде, мен тақырыпқа сай суреттер іліп қоямын. Балалар жұмбақты мұқият тындап отырып, суреттерге сүйініп жұмбақтың шешуін табады. Содан кейін балалардың назарын сол жануардың ерекшеліктеріне аударып әңгемелетемін. Балаларға жануарлар атрибуттарың кигізу арқылы қай жануарды жұмбақтап тұрғанын тапқызуға болады.

Балалардың көбі санамақ айтқанды жақсы көреді. Далада да, топта да ойын ойнардың алдында санамақ арқылы бөлініп үйренсе, әр түрлі санамақты жатқа білетін баланың сөздік қорының молайып, тіл байлығының жетісіп түсетініне күмәніміз жоқ.

Ендеше ұмыт қалып бара жатқан салт- дәстүрімізді қайта жандандыруға өз үлесімізді осылай қосайық. Өткені қазақтың халық ауыз әдебиетімен сусындаған балаларымыздың тілі ұшқыр, ойы зерек, тәрбие өнегесі көргенді болмақ.

Ертеңгілік:

Құттықтаймын

анашым мерекенізбен!

№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Ниетбаева Г.Ж.

Кейіпкерлер: Көктем, Шұбар тауық, Қызыл телпек.

Балалар залды әдемі әуенде вальс ырғағында айналып өтеді. Орындарына отырады.

Жүргізуші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, құрметті аналар!

Қош келдіңіздер! Ақжаулықты әжелер, аяулы аналар, қадірлі тәрбиешілер! Сіздерді 8-ші наурыз – Халықаралық әйелдер, аналардың мерекесімен құттықтаймыз! Бүгінгі №3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы тобының «Құттықтаймын анашым мерекеңізбен!» атты мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуші: Ақ қар еріп, су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Балалар, айтындаршы бұл қай кезде болады? (Көктем мезгілінде)

-Балалар, сонда қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар хормен айтады: Көктем. (3 рет айтады)

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, көктем мезгілі. Қанекей бәріміз бірге ару Көктемді қарсы алайық.

Көктем кіруі: Музыка әуенімен Көктем кіреді. (Бір қолында себет гүлдермен)

Көктем: Мен көңілді көктеммін

Былтыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал еккенмін.

Ақжаулықты әжелерді, аяулы аналарды және сүйкімді қыздарды мерекемен құттықтайды.

Жүргізуші: Амансың ба, ару Көктем! Біздің ертеңгілігімізге қош келдіңіз, төрлет. Біз сені көп күттік! Сізге арнап тақпақ жаттап алдық, қабыл алыңыз.

Алдияр: Көктем келді шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай-ау, алақай!

Құстар сайрап, гүл атты!

Нұрасыл: Көктем.

Көктем қандай көңілді,

Көктем жаңбыр төгілді.

Мөлдір аспан ашылды,

Күннің көзі көрінді.

Хор. Ән: «Көктемде».

Көктем: -Жарайсындар! Өте тамаша, тапқакты да, өленді де жақсы орындадыңдар. Балалар, сендер ойын ойнағанды жақсы көресіндер ме? Мен сендермен бір ойын ойнағым келеді. Ойнайсындар ма? Бұл ойынның аты «Гүлдер жинау».

Ойын: «Гүлдер жинау».

Шарты: Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Кілемнің ортасында өзен ағып жатыр, тастан тасқа секіріп өзеннің арғы бетіне өтіп, тек бір аппақ «Түймедақ» гүлін алып, кері қайтасындар. Балалар, әр топ өз себетіне Аналарына арнап гүлдерді жинайсындар. Ойын ережесі түсіндіріп, ойынды бастайды.

Көктем: -Балалар, бұл гүлдерді кімге сыйлайсындар? (Балалар жауап береді) -Балалар, рахмет. Өнерлерің өрге өрлейберсін. Бақытты балалық шақ тілеймін. Мен кетейін, көктем мезгілінде менде жұмыс өте көп. Сау болыңыздар. (Балалар қоштасады.)

Жүргізуші: Ал біздер мерекемізді жалғастырамыз. Олай болса балалар, аналарымызға деген сүйіспеншілігімізді, құрметімізді тапқағымызбен білдірейік. Ортаға шақырамыз:

Фатима: Айналайын анашым, жұмысыңа барасың.

Қайтып мені көргенше, шын сағынып қаласың.

Исламбек: Анашым анам, келгенше шамам.

Үмітінді ақтап, азамат болам.

Султан, Әмір: Анам, анам, анашым,

Мереке құтты болсын!

Хор. Ән: «Анашым».

Жүргізуші: Енді ұлдардың орындауында «Қалпақ» биін тамашалаңыз.
Би. «Қалпақ» биі.

Қызыл телпектің кіруі: Музыка ойнайды. Залға Қызыл телпек кіреді.

Қызыл телпек: Саламатсындар ма, құрметті әжелер мен аналар, және сүйкімді балалар.

-Балалар, сендер мені таныдыңдар ма? Ия, мен Қызыл телпекпің.

Жүргізуші: -Қызыл телпек, сен қайда бара жатсың?

Қызыл телпек: -Мен әжеме тәтті бәліш апара жатырмын. Бірақ көңілді музыка әуенін естіп, осы жаққа бұрылдым.

Жүргізуші:-Қызыл телпек, қош келдің біздің мерекемізге. Қызыл телпек және балалар, 8-наурыз ақжаулықты әжелеріміздің де мерекесі ғой.

Ендеше әжелерімізге арнап тапқактарымызды айтып берейік. Қадыр Мырзалиевтің өлені «Менің әжем»:

Төрехан: Менің әжем, гүл әжем,

Алтын әжем, күн әжем.

Апам үшін, мен үшін

Нағыз ана тілі – әжем.

Асылым: Менің әжем, нар әжем,
Көп жасаған кәрі әжем.
Ауырганда мен үшін
Әр сүйгені дәрі әжем.

Қызыл телпек: -Жарайсындар! Балалар, менімен бір ойын ойнайсындар ма? Мен бұл ойынды өзімнің сүйікті әжеммен және анаммен ойнаймын. Ойынның аты: «Жаңылмай, кім тез табады?». Кәне, ортаға бір топ әже, аналарды шақырамын және олардың балаларын. Әже, аналар дөңгеленіп тұрады, ал балалар билеп жүреді. Музыка тоқтағанда, балалар отыра қалып, көздерін жабады. Ал әже, аналар кез-келген жерге тұра қалады. Музыка қосылады, балалар көздерін ашып. Енді қай бала әже, анасын жаңылмай тез табады?

Ойын: «Жаңылмай, кім тез табады?».

Қызыл телпек: -Әже, аналар, балалар ойын сіздерге ұнады ма? (Кәне бәріміз саусақпен көрсетейік).

Бір кезде **Қызыл телпек** мұнайып отыра қалады.

Жүргізуші: -Не болды Қызыл телпек? Неге мұнайып қалдың? Жаңаға көңілді болып едін ғой?

Қызыл телпек: -Мен әжеме сыйлық дайындаған жоқпын. Енді не істеймін?

Жүргізуші: -Балалар, Қызыл телпекке көмек береміз бе? Мында түрлі-түсті жіптер бар. Бірақ оларды орау керек.

Қызыл телпек: Аналардан көмек сұрайды: жіптерді орап беруді.

Ойын: «Жіптерді ораймыз».

Болғасын Қызыл телпекке береді. Ол себетіне салады.

Қызыл телпек: -Рақмет аналар, маған көмек бергін үшін. Енді әжемі барып мерекемен құттықтайын. Әжем мені сағынып күтіп отырған шығар. Сау болыңыздар балалар.

Хор. Ән: «Әжемнің шайы».

Шұбар тауықтың кіруі: Музыка ойнайды. Залға Шұбар тауық кіреді, қолында себет толған жұмыртқаға.

Мен ертектегі Шұбар тауықпың,

Шал мен кемпірдің үйінде тұрамын.

Көңіл-күйім тамаша.

-Сәлеметсіңдер ме балалар, мені таныдыңдар ма? Ия, мен Шұбар тауықпын. Менің әжем қайда?

Жүргізуші: -Мұнда келген жоқ.

Шұбар тауық: -Мен енді не істеймін? Тышқан менің барлық жұмыртқамды сындырып тастады. Шал мен кемпір естісе тағы жылады ғой.

Жүргізуші: -Балалардан көмек сұра. Олардың колдарынан келеді.

Шұбар тауық: - Жұмыртқанын бір бөлігі мына қорапта, ал екінші бөлігі мына қорапта. Егер екі бөлікті дұрыс қоссаң бүтін жұмыртқа болады.

Ойын: «Жұмыртқа жинаймыз».

Би: «Сары балапандар».

Шұбар тауық: қоштасып шығып кетеді.

Жүргізуші: -Құрметтейік, о адамдар, аналарды. Бізді өмірге әкелген адамдарды. Себебі Ана деген асыл жан ғой. Ана туралы тақпақтарын оқып береді: Жігер, Мирас.

Жігер: Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

Мирас: Ақ анашым, аппағым
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Жүргізуші: -Ана деген қандай адам? Ана деген сөз барлық халықтың тілінде жылы естіледі.


Ана- әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам. Сіздерге арналады бұл тақпақ.

Байнур: Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Аналарға сыйлық: балалар ортаға ғажайып шеңберге жиналып, қолдарына сыйлықтарын алып, «Анашым» деп аналарына жүгіріп барып сыйлықтарын береді.

Жүргізуші: 8-ші наурыз келді берекелі,
Аналардың бұл мерекесі.
Құтты болсын айтамыз,
Ұзақ өмір тілейміз.

Осымен біздің ертеңгілігіміз аяқталды.







Әлемі безендірілген залға музыка әуенімен балалар кіреді

Тәрбиеші: Күлімдеген нәзік ақ көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды. (Наурыз: қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Мен наурыз қызымын

Ұлыс күнге жетті міне алаңға

Келген жылым жақсылық ала беташы

Қуанышпен әр үйдің

Босағасын атташы.

Тәрбиеші: Қош келдің Наурыз.

Арман тойы халықтың.

Қуанышы халықтың

Құтты болсын қадамың.

Наурыз сенің құрметіңе арнап балалар өлең шумақтарын арнайды.

Адия:

Көктем келді балақай

Жасарды жер алақай

Наурыз тойын тойлайық

Әсем әнге салайық

Исламбек:

Наурызда шашу шашылды

Ақкебеже ашылды

Тәтті наурыз көжеге

Тары, уыз қосылды

Нұрасыл:

Алақай ау алақай

Наурыз келді балақай

Халық тойды тойлайды

Әсем әнге салады -ай.

Әмір:

Наурыз жауын наурыз сәні

Әсем әуен, сазды сән.

Тәрбиеші:

Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Енді ше «Көктем» туралы ән шырқайық

ӘН: «Көктем»

Тәрбиеші:

Балалар бүгінгі наурыз мерекесінде ән айттық. Енді бізге қонақ келе жатыр.

Сипқыршы :

Әсем қандай керемет той, бал мазғындар ма балалар Қонақтар қандай керемет

әуен. Осы әуендерді естіп ойларыңызға шашу ретінде сипқыр көрсеткім келеді.

Мен сендерге неше түрлік ар көрсеткім келіп тұр. Сикыршы сикырларын көрсетеді.
Енді мен сендерге сикыршы аяқан ойынын ойнатқым келеді,

Ойын : «Арқан тартыс»

Тәрбиеші:

Сикыршы сенің керемет ойынына рахмет айта отырып балалар өлең шумақтарын арнайды.

Асылым:

Наурыз келді, нұр келді.

Түгел аймақ түрленді

Бақшадағы апайлар

Тойға әзір боп үлгерді.

Алдияр:

Той думанға келіңіз

Тамашалап көріңіз

Ән айтайық бәріміз

Қол соғайық бәріміз.

Сұлтан:

Наурыз жауын, наурыз сәуірі

Әсем әуен, сазды сән.

Байнұр :

Уа халайық халайық

Әсем әнге салайық

Наурыз тойы көңілді

Бірге қарсы алайық.

Төрехан:

Наурыз келді алақай

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық

Тәрбиеші:

Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: « Текемет биі»

сикыршы шығып кетеді

Тәрбиеш:

Ал балалар кәзір ұлттық ойын «Хан талапай» ойнаймыз.

Көрініс « Күн мен Түн» Күн мен Түн шығады.

Сәулесі мол күнімін.

Күлдізы мол түнімін.

Күн мен Түн: Ұзақтығы бірдей болып , теңелеміз бұл күні.

Тәрбиеші: Наурыз мерекесінде жасалатын ең керемет тағам ол- Наурыз көже.

Жасалу жолы айтылынады.

Тәрбиеші:

Наурыз келді еліме

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне! деп «Наурыз» әнін айтамыз.

Алдар көсе келеді. Армансыздар ағайын.

Тәрбиеші: Амансыз ба Алдар Ата?

Алдар: Мен балабақшадан Наурыз тойы өтіп жатыр дегенді естіп, жолға шығып едім.

Тәрбиеші: Дәл үстінен тастаңыз, бізде наурыз тойы өтіп жатыр, төрге шығыңыз, қонақ болыңыз!

Алдар ата балаларымыз бірге

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз демекші.

Би: «Бәйге»

Алдар ата: мен сендерге шайы тәкелдім

Ойын : «Ат жарыс»

Тәрбиеші :

Би биледік ойын ойнадым. Енді Әжемнің шайы әнін шырқайық.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
№41 “Назерке” бөбекжай-балабақшасы

МАДАҚТАМА

Ортаңғы топтың ата-аналары мен
балалары арасында өткізілген
“Көңілді қыс” атты спорттық
жарысқа белсене қатысып
I орынға ие болған

Ауырма топ

марапатталады.

№41 “Назерке” бөбекжай
балабақшасының
еңгерушісі:



Уртамбаева А.І

Ақтөбе, 2024 жыл





**Ашық есік күні,
жүннің екінші жартысында.
Тәрбиешілі Умарова Г.Қ**






Алғашқы сабақ күні



Тәрбиеші жұмыс атқарып отыр



**№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы тобының
2023- 24 оқу жылының жылдық жұмысының есебі.**

Топ тәрбиешілері: Умарова Г. К.
Ниетбаева Г.Ж.

Ақтөбе қаласы

2023-24 оқу жылының басында №3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы тобында жалпы бала саны –6 болды. Оның ішінде 4 ер бала болса, 2-еуі қыз бала. Ал оқу жылын 12 баламен аяқтадық. Оның ішінде 9 ер бала болса, 3-еуі қыз бала. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қорытынды бақылау нәтижелері бойынша:

1. Физикалық дамыту – жоғары деңгей -83% , орташа-17%.
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту – жоғары-83% , орташа-17%.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – жоғары-75%, 25%.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту – жоғары деңгей -85% , орташа-15%.
5. Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру – жоғары деңгей -75% , орташа-8 % , төмен-17%.

Топтың іші балалардың жас ерекшеліктеріне сай және жеке тұлғаны жан-жақты дамыту бойынша заттық-кеңістік дамытушы орталықтары ұйымдастырылған, жұмсақ төсеніштер төселген және сәйкес жеке, топпен, ұжыммен пайдаланылатын ойыншықтармен, атрибуттармен, қажетті құралдармен және конструкторлармен, үстел үсті ойындарымен жеткілікті етіп жинақталған. Ең бастысы ол орталықтарда баланың қауіпсіздігі мен қолжетімдігі ескерілген. Баланың оңаша ойнауына арналған шағын орындар бар.

Шығармашылық дағдыларын дамытуға сурет салудан тыс әдісі бойынша мақта таяқшалары, борлар және балауыздар жинақталған. «Театр» бұрышындағы атрибуттарды жаңартып және фетрдан қолғап әдісімен көкөністерді жасап толықтырдық. Музыкалық аспаптармен бұрышымызды толықтырдық. «Біртұтас тәрбие» бағыты бойынша топтың бір бөлігіне «Киіз үйдің» бұрышын жасақтап жатырмыз: оған сандық, шәй көрпелер, кілемше, қоржын, қамшы және т.б.. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «қазақ ұлттық ою-өрнектерінің» шаблондарын жасадық. Биылғы оқу жылында физикалық дағдыларын дамытуға арналған заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұлттық ойындарымен толықтырдық. Мысалы: «Шеңбер» ұлттық ойынын асықтармен ойнасақ, «Тасымақ» ойының ойнауға қасық керек, «Қарсы доп» ойынды ойнау үшін доп қажет. Өлең жолдарын айту арқылы ойнатын көптеген ұлттық ойындарды жинақтап, балалармен ойнадық. Топтың еденіне 3 түрлі сызбалар жасалды. Олар: ұлттық ойын «Мақ», «Түрлі-түсті жолдар» және асық атуға шеңбер. Балалар «Мақ», «Түрлі-түсті жолдар» сызбаның үстімен өткен сайын еркін бойынша секіріп өтеді. Кітап бұрышын биыл «100 кітап аллеясы» акциясы арқылы ата-аналардың қатысуымен жаңа кітаптарымен толықтырдық. Ата-аналарға арнап мобильдік кітапхана бұрышын жасадық.

2023-24 оқу жылында бағдарламаға сай оқу жоспары құрылып, бекітілді. Осы жоспарға сай барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы топта ойын түрінді, орталықтарда, серуенде өткіздік. Тек дене шынықтыру, музыка және логопед жүргізетін ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өз мамандары арнайы арналған бөлмелерде өткізді.

Біздің топтың балалары «ерекше» болғандықтан біздер «Денсаулық сақтау технологиясын» осы оқу жылына өзекті мәселеміз деп алып, жұмыс жасадық. 2023-24 оқу жылында біз «Түзету технологиясы» бойынша «нейрожаттығуларды» қостық. Бұл технология біздің топтың балаларына өте пайдалы. «Нейрожаттығуларды» біз 3 топқа бөліп, жеңіл жаттығудан бастадық та қиын жаттығулармен аяқтадық. 3 топқа бөлдік: Олар ауада жасайтын, үстел үстінде және құралмен жасайтын жаттығулар деп топтастырып, қартотека жасалынды. «Құралмен» жасайтын нейрожаттығуларға әр балаға жететіндей құралдар жинақталды. Балалар сурет салу, мүсіндеу, аппликация, құрастыру және музыканы жақсы көреді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі. Осы дағдыларды дамыту үшін біздер «ертегітерапия» әдісін қолдандым. Бірақ «ертегітерапия» әдісінің басқа қырынан алдық. Өйткені балалар ертегідегі кейіпкерлерді таниды және кейіпкерлер қайталана береді. Сондықтан кейіпкерлер балаларға таныс. Мысалы: қоян, түлкі, шал, кемпір т.б.. Ертегіде өлең жолдары да қайталап айтыла береді: -«Мен бауырсақпын, мен бауырсақпын ...» немесе «Үйшік, үйшік. Үйшікте кім тұрады?» және іс-қимылдары да қайталанады. Осы әдіс-тәсіл біздің балаларға өте көп пайда берді. Бір жағынан бала кейіпкердің іс-қимылын салып ойнап жатса, екінші жағынан сөздерді айтуға үйренеді.

Бұл жұмыстардың нәтижесі: -Ол ең бастысы барлық бала сөйлей бастады. Біреулері жақсы сөйлей бастаса, ал кейбіреулері 1-2 сөзбен.

2023-24 оқу жылында барлық мерекеге арнап мерекелік ертеңгіліктерді өткізілді. Балалар тақпақтар айтып, би билеп, өлең айтып, ойындар ойнады. Балабақша және топтатың ішінде өткен барлық іс-шараларға біздің топтың балалары қатысып жүрді. Балалардың өз-өзін ұстауға жыл бойы фотоесеп және видеоға түсірген жұмыстар да жақсы әсер етті.

Ата-аналар сіздерге көп рақмет. Сіздер де балалардан қалыспай балабақшадағы өтіп жатқан барлық жұмыстарына және топтық іс-шараларға қатысып отырдыңдар. Балаларды қолдап, өткізген және берілген тапсырмаларды уақытыл орындап, балаларға жақсы көңіл күй, эмоция сыйлап жатындар. Ол балалардың дамуына жақсы ықпал етті.

Ең соңғы есеп ол, балалардың ПМПК-дан өтуі. Қортындысы: 1- бала, ол Мақсат Жігер жәй топқа ауысса, қалғандары да орташа нәтиже көрсетті. Төмен нәтиже көрсеткен бала жоқ.

№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы.

№3 «Гүлдер» арнайы ортаңғы топ.

Тақырыбы: Ақтөбе сары түске боялған.

Мақсаты: Балаларды тұратын қаласы туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. Туған жеріне, қаласы сүйіспеншілігін, мақтаньш сезімін арттыру.

Әдісі: қабырға газеті.



ДИПЛОМ

«Ақтобе алтын түске боялды»

күзгі фоторепортаж

байқауында

ерекше туындыларымен

III орын иеленген

№3 “Гүлдер” тобы


МАРАПАТТАЛАДЫ

Меңгергені:




А.Г.Уртамбаева

2023 жыл







Әжемнің айтқан ертегісі! Алма ертегісі







МАДАҚТАМА

“Армысың, Әз - Наурыз” атты балабақшаішілік
ортаңғы топ ата-аналары арасында ұйымдастырылған
спорттық сайысқа белсене қатысып

II орынға ие болған

Шұжар мұрға

командасы марапатталады

№41 «Назерке»
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:

А.Г. Уртамбаева





«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КГУ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»



ДИПЛОМ

«ҮЗДІК КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМ» НОМИНАЦИЯСЫ

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен
«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық байқауының
қалалық кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткені үшін

№ 41 "Назерке"

Мұстафа Төрехан

марапатталады

“Әдістемелік кабинет” КММ
директоры



А.Сүлейменова

№3798

Ақтөбе қаласы, 2024 жылы




3"Гүлдер" арнайы ортағы топ.



Ата - Аналармен жұмыс.






Зиғульдер тобы


Үлкенге — көмек



Үлкенге — көмек







Зиғүдлер тобы



Үлкенге



— көмек

